



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін нығайту жөніндегі техникалық көмек туралы келісім-хатқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 қазандағы N 1024 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін нығайту жөніндегі техникалық көмек туралы келісім-хаттың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қайрат Нематұлы Келімбетовке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін нығайту жөніндегі техникалық көмек туралы келісім-хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Азия Даму Банкі

2 7 қ а з а н 2 0 0 3 ж ы л

N 132-3

Қ а р ж ы м и н и с т р і

Д о с а е в Е р б о л а т м ы р з а ғ а

(А Д Б - н і ң Қ а з а қ с т а н д ы қ

б а с қ а р у ш ы с ы н а)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А с т а н а қ а л а с ы , 4 7 3 0 0 0

А б а й д а ң ғ ы л ы , 5 2

Факс (7-3172) 717-762

Құрметті Досаев мырза:

**Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін нығайту жөніндегі техникалық көмектің жобасы
(ТК N 4191-ҚАЗ)**

Сізге 2003 жылғы 6 қазанда Азия Даму Банкі (АДБ) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін нығайтуға 200.000 АҚШ долларынан аспайтын баламалы сомада техникалық көмек (ТК) көрсетуді мақұлданғанын хабарлауға қуаныштымыз. Бұл техникалық көмек (i) 1995 жылғы 5 қазанда қол қойылған Үкімет пен АДБ арасындағы техникалық көмек туралы Негіздемелік келісімге (негіздемелік келісім) және (ii) 15-18 параграфтар мен осы хатқа 1-қосымша түрінде тіркелген ТК туралы есептің 2 және 3-қосымшаларында сипатталған тетіктерге сәйкес қаржыландырылады және жүзеге асырылады. ТК туралы есепте көрсетілгендей, бұл ТК-ті іске асыру үшін Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (ЭБЖМ) атқарушы агенттік болып табылады.

Бұл ТК Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қорының және АДБ-нің ТК-ті қаржыландыру бағдарламасының тарапынан бөлінетін грант қаражатынан толық қаржыландырылады.

Егер мұндай тектік Сіз үшін қабылдауға болса, онда Үкімет атынан осы хаттың екі данасына қол қоюыңызды сұраймыз. Бір көшірмесін өзіңізге қалдырып, қол қойылған бір түпнұсқаны АДБ-не қайтаруыңызды сұраймыз.

АДБ-нің төменде қол қойған өкілі осы ТК-ті іске асырумен байланысты туындайтын барлық мәселелерге жауапты. Тиісінше, барлық хат-хабар оған жіберілуі тиіс.

Қ ұ р м е т п е н ,

Н о й С и а к х а ч а н х

Д и р е к т о р ,

Шығыс және Орталық Азия департаменті

Мемлекеттік басқару, қаржы және

сауда басқармасы

Р а с т а й м ы н :

Ү к і м е т а т ы н а н

У ә к і л е т т і ө к і л

(қолы және тегі баспа әріптерімен)

Қызметі:

Күні:

Көшірмелері: Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі
Келімбетов Қайрат мырзаға,

Факс(7-3172) 717712

Директор, Хигучи Казухико мырзаға,
АДБ-нің Қазақстандағы тұрақты өкілдігі

Факс (7-3172) 328343

Азия Даму Банкі

TAR: KAZ-36403-03

**Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалардың
тиімділігін нығайту**

үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметіне

**(Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қоры бірлесіп
қаржыландыратын) техникалық көмек**

2003 жылғы қазан

Валюталардың ара қатынасы

(2003 жылғы 2 қыркүйектегі жағдай бойынша)

Валюталардың өлшем бірлігі - Теңге (Т)
1.00 Т = 0,007 \$
\$ 1,00 = 147,69 Т

Мәтінде қолданылған қысқартулар

АБР - Азия Даму Банкі
МБЫҚ - Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қоры
ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі
БҒМ - Білім және ғылым министрлігі
МжБ - Мониторинг және бағалау
МИБ - Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы
НМжБ - Нәтижелілікті мониторингтеу және бағалау
ТК - Техникалық көмек

Ескерту

Бұл құжатта "\$" белгісі АҚШ долларын білдіреді.

Бұл есепті С. Шреста дайындады, Шығыс және Орталық Азия
департаменті, Мемлекеттік басқару жөніндегі басқарма

I. Кіріспе

1. 2002 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелілігін мониторингтеу және бағалау (НМЖБ) жүйесін әзірлеу үшін техникалық көмек (ТК) беруге сұрау жіберген. Кейіннен Азия Даму Банкі (АДБ) бағдарламалық миссиялар мен мемлекеттік басқару жүйесін бағалаумен байланысты миссияларды жіберді ¹. АДБ-нің фактілерді растау жөніндегі 2003 жылғы 25 маусымнан бастап 10 шілде аралығында болған миссиясы Үкіметпен бірінші кезенді іске асыру мақсаттарына, ауқымы мен тетіктеріне қатысты уағдаластыққа қол жеткізді ². Бұл ТК-тің негізі 1-қосымшада көрсетілген.

¹ АДБ. 2001 ж. *Қазақстан Республикасына мемлекеттік басқару жүйесін және әкімшілік реформаларды жүзеге асыру үшін мүмкіндіктерді қалыптастыруды зерттеу жөніндегі техникалық көмек*. Манила.

² ТК туралы бірінші ескертпе 2003 жылғы наурызда АОВ *Business Opportunities*- те жарияланды.

II. Проблемалық мәселелер

2. Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті шеңберіндегі даму бағдарламалары мемлекеттік және салалық бағдарламалар болып бөлінеді. Мемлекеттік бағдарламалар ерекше түрде мемлекеттік стратегиялық басымдықтарды және даму қажеттіктерін қарауға бағытталған. Оларды Президент мақұлдауы тиіс және олар бірнеше саланы қамтуы мүмкін. Салалық бағдарламалар экономиканың нақты салаларын немесе кіші салаларын дамытумен байланысты және оларды Үкімет мақұлдауы тиіс. Қазіргі уақытта бюджет барлық салалық министрліктер мен ведомстволардың қызметін қамтитын 14 мемлекеттік бағдарламадан және 43 салалық бағдарламадан тұрады.

3. Соңғы бірнеше жылда бағдарламаларды әзірлеу сапасын және бюджетті қалыптастыру процесін жақсарту мақсатында Үкімет бірқатар реформаларға бастамашы болды. 2000 жылы Қазақстан Республикасында бағдарламаларды әзірлеу ережесі (Бағдарламаларды әзірлеу ережесі) қабылданды. Бұл құжаттың негізгі мақсаты бағдарламаларды ұтымды ету мен реттеу және оларды Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі даму стратегиясында және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында айқындалған орта мерзімді және ұзақ мерзімді басымдықтарға сәйкес келтіру болып табылады. Кейіннен Үкімет барлық бағдарламаларды елеулі қайта қарауды жүргізді, нәтижесінде кейбір бағдарламалар неғұрлым ірі бағдарламаларға біріктірілді, ал функцияларды жүктеуді көздейтін немесе ұзақ мерзімді даму қажеттіктеріне сай келмейтін кейбір бағдарламалардың күші жойылды. Бағдарламаларды салалар бойынша бөлуде де біршама теңгерімділікке қол жеткізілді.

4. 2002 жылғы қаңтарда Үкімет Бағдарламаларды әзірлеу ережесіне өзгерістер енгізді, оларға сәйкес бағдарламаларды мақұлдау жөніндегі талаптар неғұрлым күшейтілді. Енді ұсынылған бағдарламалардың барлығында бағдарламаның "паспорты" болуы тиіс, мұнда мақсаттары мен оның тиімділігін бағалауға арналған көрсеткіштер сипатталуы қажет, сондай-ақ бағдарламаны іске асырудың барлық ұзақтығына арналған талап етілетін қаражат пен қаржыландыру көздері (республикалық бюджет, қарыз қаражаты, шетелдік және жергілікті инвестициялар, сыртқы гранттар және т.б.) егжей-тегжейлі көрсетілуі қажет. Бұдан басқа, барлық бағдарламаларды ең алдымен Республикалық бюджет комиссиясы мақұлдауы тиіс және Президент немесе Үкімет тек осыдан кейін ғана олармен келіседі.

5. Бұл бастамалар бағдарламаларды іске асыру сапасын жақсарту үшін жақсы негіз жасайтынына қарамастан, әлі көп іс тындыру қажет. Салалық министрліктер мен ведомстволар бағдарламаның "паспортында" және бағалау есептерінде беретін ақпараттың сапасын әлі күнге дейін қанағаттанарлық деп айтуға келмейді. Атап айтқанда, бағдарламаның нәтижелерін өлшеу көрсеткіштері не көрсетілмейді, не олар дұрыс емес, немесе салыстыру жүргізу үшін негізгі кезеңдер көрсетілмейді. Бұл орталық басқару органдары тарапынан бағдарламаның іске асырылу сапасын тиімді мониторингтеуге және бағалауға қиындық туғызады.

6. Жақында Президент өз жарлығымен Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және іске асыру ережесін шығарып, (Мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесі, Президенттің N 1099 Жарлығы, 2003 жылғы маусым) бұдан кейінгі реформалардың қажеттігін атап өтті. Бұл жарлықта орындалып жатқан бағдарламалардың мақсаттарын қайталайтын мемлекеттік бағдарламалар келісілмейтіні көзделеді және онда барлық бағдарламалар нақты айқындалған мақсаттар мен нәтижелілік көрсеткіштеріне негізделуі тиіс және жүйелі түрде бақыланып отыруы тиіс деген талап бар. Онда, сондай-ақ бағдарламаларды бағалауға арналған негізгі өлшемдер: (i) адам және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану, (ii) көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу және (iii) әлеуметтік-экономикалық салдарлар көрсетілген.

7. Бастапқыда бұл жарлық мемлекеттік бағдарламаларға бағытталғандығына қарамастан, Үкімет бұл Мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесін мемлекеттік бағдарламаларға да, салалық бағдарламаларға да қолдануды жоспарлап отыр. Тиісінше Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (ЭБЖМ) барлық бағдарламаларды мониторингтеу және бағалау (МжБ) стратегиясы мен әдіснамасын әзірлеу жөніндегі жауапкершілікті өз мойнына алды. ЭБЖМ-нің мақсаты - екі негізгі өзара байланысты проблеманы шешу. Біріншіден, өздері әкімшілері болып табылатын бағдарламаларды тиімді МжБ үшін министрліктер мен ведомстволардың тәжірибесі мен ынтасы жоқ. Бағдарламаларды бағалау не барабар емес немесе сәйкес келмейтін өлшемдер негізінде жүзеге асырылады, не мүлдем жүргізілмейді. Оның үстіне орталық органдар бағдарламаларды жүйелі және үнемі МжБ тетігін және қаржыландыруды бөлу туралы

шешім қабылдау процесінде нәтижелілікті бағалау өлшемдерін қолдану әдістерін әзірлеуі тиіс. Әдетте, бағдарламаларды бағалау тек іске асыру барысында қандай да бір проблемалар анықталған жағдайда ғана немесе бөлінген қаражат шегінен асып кеткенде ғана жүргізіледі. Нәтижесінде нәтижелілігі мен басымдылығы төмен бағдарламаларды келісу практикасы жалғасуда, ал әлеуеті неғұрлым тиімді бағдарламалар қаржыландырылмай қалуы мүмкін.

8. Бюджет ресурстарын пайдалану тиімді болуы үшін және көрсетілетін қоғамдық қызметтер сапасын жақсарту мақсатында үкіметтік бағдарламалар үшін НМЖБ жүйесін әзірлеу үшін Үкімет АДБ-не көмек көрсетуге сұрау салды. Әлеуметтік және өндірістік сектордағы бір-бір бағдарламадан қарау үшін жүйені Білім және ғылым министрлігінде (БҒМ) және Ауыл шаруашылығы министрлігінде (АШМ) сынақ үшін қолдану жоспарланып отыр. Министрліктерді таңдау ЭБЖМ-мен талқылау негізінде және мүмкіндіктерді бағалаудан кейін жасалды. Бастапқы миссия барысында НМЖБ жүйесін қолдану үшін нақты бағдарламалар айқындалатын болады. Бұл сынама жобадан алынатын сабақ Үкіметке үкіметтік бағдарламаларда НМЖБ жүйесін неғұрлым кеңінен әрі тиімді пайдалану стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді.

9. АДБ 2001 жылы АДБ-нің мүшелері - дамушы елдердегі бағалау мүмкіндігін нығайтуға бағытталған бірқатар техникалық көмек жобалары бойынша техникалық көмекті іске асыру аудиті бойынша есеп (ТРА: ОТН 2001-07) дайындады. Бұл есепте жасалған негізгі қорытындылар қатарында мыналар бар: (i) нәтижелілікке бағалау жүргізуге бюджет қаражатын бөлу және қажетті персонал түріндегі күшті мүдделілік пен ынта, сондай-ақ ұйымдық иерархиядағы осы қызметтің мәртебесі қажет; (ii) ынталандыру және сәйкестік мәселелерін дербес мүмкіндіктерді қалыптастырумен қатар тиісті деңгейде қарау қажет және негізгі бақылау міндеті орталық органдарға жүктелген болса, бұл басқа органдардың нәтижелілік туралы ақпарат беруге деген ынтасын әлсіретуі мүмкін және (iii) НМЖБ жүйесі тым қиын болмауы үшін және оларды қолдану үшін ауқымды ресурстарды талап етпеуі үшін бұл мәселеге ептілікпен келу қажет. Бұл ұсынымдар аталған ТК-ті қалыптастыру және іске асыру кезінде ескерілетін болады.

10. Бұл ТК-тің мақсаты АДБ-нің Қазақстанға көмегінің стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді және елдегі бұрын орындалған және ағымдағы жұмыстарды толықтыруға арналған. 2001-2002 жылдары АДБ Үкіметтің мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын (МИБ) қалыптастыру және іске асыру жөніндегі мүмкіндіктерін нығайту мақсатында көмек көрсетті (ТК 3595-KAZ) ³. Бұл жұмыстың мақсаты мемлекеттік басқарудың орталық органдары, салалық министрліктері және жергілікті органдары арасында мықты байланыс жасау арқылы жоспарлау үшін, сондай-ақ жобаларды табыс ету жөнінде және жобалардың басымдылығын іріктеу және айқындау процесін жетілдіру жөнінде нақты нұсқаулар әзірлеу арқылы МИБ-ларды дайындау

рәсiмiн нығайту үшiн тиiмдi негiз әзiрлеу болды. Бұдан кейiнгi кiшi техникалық көмек жобасы (ТК 4046-KAZ) ⁴ ақпаратқа қойылатын мемлекеттiк инвестициялар бағдарламасын әзiрлеудiң және мақұлдаудың өзгертилген ережесiнде көзделген талаптарды қамтитын дерекқорды басқару жүйесiн дамытуға қолдау көрсетедi. Қазiргi уақытта орындалып жатқан ТК (ТК 3595-KAZ) ⁵ Үкiметке кедейшiлiктi азайту жөнiндегi маңызды мақсатты көрсеткiштердi және бұл көрсеткiштердi мемлекеттiк және жергiлiктi деңгейлерде мониторингтеу жүйесiн әзiрлеуде көмектесуге бағытталған. Бұл ТК Үкiметке Кедейшiлiктi азайтудың мемлекеттiк бағдарламасы шеңберiндегi кедейшiлiктi азайту мақсаттарын iске асыруға көмектесуге бағытталған. АДБ жүргiзген мемлекеттiк басқару жүйесiн бағалау (1 ескертудi қараңыз) бағдарламаларды мониторингтеудi және бағалауды одан әрi жетiлдiру қажеттiгiн анықтады әрi осы бағытта АДБ-нiң қолдау көрсетуi жөнiндегi ұсыныстарды қамтиды.

³ АДБ. 2000. *Мемлекеттiк инвестицияларды жоспарлаудағы мүмкiндiктердi қалыптастыру үшiн Қазақстанға техникалық көмек.* Манила

⁴ АДБ. 2002. *Қазақстанға мемлекеттiк инвестициялар бағдарламаларын жоспарлау үшiн дерекқорды нығайту жөнiндегi техникалық көмек.* Манила

⁵ АДБ. 2000. *Қазақстанға кедейшiлiктi азайту бағдарламасын iске асыру мақсатындағы орталық және жергiлiктi мемлекеттiк басқару органдарының мүмкiндiктерiн нығайту жөнiндегi техникалық көмек.* Манила

III. Техникалық көмек

A. Мақсаты және күтiлетiн нәтижелер

11. Бұл ТК-тiң мақсаты - Қазақстандағы мемлекеттiк бағдарламалардың тиiмдiлiгiн күшейту. Бұл үшiн осы ТК шеңберiнде БҒМ мен АШМ-де НМжБ жүйесi әзiрленедi және сыналады. Сынақтардан алынған сабақ Үкiметке НМжБ жүйесiн мемлекеттiк бағдарламаларда неғұрлым кеңiнен қолдану стратегиясын әзiрлеуге мүмкiндiк бередi. Жоспарланып отырған нәтижелер мыналарды: (i) iшкi және сыртқы бағалау әдiснамасы сипатталған НМжБ жүйесiн және (ii) НМжБ жүйесiн тиiмдi iске асыру үшiн мүмкiндiктердi қалыптастыруды қамтиды.

B. Жұмыс әдiснамасы және негiзгi бағыттары

12. Бұл ТК шеңберiндегi жұмыстың негiзгi бағыттары мынаны қамтиды:

1. НМжБ жүйесiн әзiрлеу

13. Жұмыстың бұл бағыты мынаны көздейдi:
(i) Қазақстандағы бағдарламаларды МжБ үшiн қолданыстағы рәсiмдердi үздiк әлемдiк әдiстермен салыстыра шолу, мүмкiндiктер мен ресурстардың болуын бағалау, сондай-ақ

жетілдіру үшін бағыттарды анықтауы.

- (ii) Қойылған мақсаттармен және міндеттермен салыстырғандағы бағдарламалардың сәттілігін немесе сәтсіздігін анық көрсететін ішкі бағалау жүйесін әзірлеу. Бұл жұмыс бағдарламаның іске асырылу нәтижелері мен салдарларын өлшейтін, сондай-ақ іске асыру процесін уақыт бойынша бақылап отыратын маңызды сандық және сапалық көрсеткіштерді айқындауды қамтитын болады. Ішкі бағалау жүйесі бағдарламалардың өзін-өзі бағалауы жөніндегі нұсқауларды, сондай-ақ жыл сайынғы есептер мен бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейінгі есептерді қамтиды. Жүйе барлық деңгейлердегі шолу функциялары мен тиісті министрліктердегі шешім қабылдаудың, жоспарлау мен басқарудың жалпы процесі арасындағы когерентті байланысты да көздейді.
- (iii) Іріктелген бағдарламалардың мақсатты бенефициарларын шағын зерттеуді әзірлеу.
- (iv) Жүйелі әрі объективті ішкі тексерістерді және бағдарламалардың әкімшілеріне үнемі ақпарат беруді жүргізу тетігін әзірлеу.

2. НМЖБ жүйесін тиімді енгізуге арналған мүмкіндіктерді нығайту

14. Жұмыстың бұл бағыты мынаны көздейді:

- (i) Бағдарламаларды МЖБ үшін қолданыстағы рәсімдерге шолу негізінде оқыту қажеттіктерін айқындау және оқу материалын дайындау.
- (ii) Екі министрліктегі және ЭБЖМ-дегі тиісті персоналды оқыту.
- (iii) Алынған сабақты талқылау және барлық үкіметтік бағдарламалар үшін НМЖБ жүйесін неғұрлым кеңінен пайдалану стратегиясын әзірлеу мақсатында Премьер-Министр Кеңесі, Президент Әкімшілігі, ЭБЖМ, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік және басқа да басты министрліктер мен ведомстволар өкілдерінің қатысуымен семинар өткізу.

С. Құны және қаржыландыру

15. ТК-тің жалпы сметалық құнының баламасы \$286.000, соның ішінде шетелдік валютада \$157.000 және жергілікті валютадағы баламасы \$129.000 құрайды. Үкімет АДБ-нің шетелдік валютада \$157.000 мөлшеріндегі толық шығындар мен жергілікті валютада шығындарға ақы төлеу үшін \$43.000 баламасын қоса алғанда, \$200.000 мөлшерінде қаржыландыру бөлуін өтінді. Бұл ТК Мемлекеттік басқару саласындағы

ынтымақтастық қорының (МБЫҚ) ⁶ (\$150.000) және АДБ-нің ТК қаржыландыру бағдарламасының (\$50.000) қаражатынан грант негізінде қаржыландырылады. Үкімет баламасы \$50.000 қалған соманы қаржыландыратын болады. Шығындардың егжей-тегжейлі сметасы 2-қосымшада келтірілген.

⁶ Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қоры - бұл Канада мен Норвегия үкіметтері бөлетін және АДБ басқаратын қаражаттан тұратын біріктірілген қор.

D. Іске асыру тетігі

16. Бұл ТК 2003 жылғы қарашадан бастап 1 жыл кезеңінде іске асырылады. ТК-ті іске асыру үшін бір халықаралық консультанттың 5 адам-ай жұмысы және үш жергілікті консультанттың 10 адам-ай жұмысы талап етіледі. Халықаралық консультанттың үкіметтік бағдарламалар үшін НМЖБ жүйесін әзірлеуде мол тәжірибесі және өтпелі экономикалы елдердегі жұмысының қажетті тәжірибесі болуы тиіс. Үш жергілікті консультант қатарында институционалдық даму жөніндегі 2 сарапшы (8 адам-ай) және статистика/зерттеулер жөніндегі сарапшы (1 адам-ай) болуы керек. АДБ-де жұмысқа консультанттар *АДБ-нің консультанттар тарту жөніндегі басшылығына* және жергілікті консультанттарды іріктеу және жалдау үшін АДБ-ін қанағаттандыратын басқа да тетіктерге сәйкес дербес іріктеледі және жалданады. Консультанттар тобы осы ТК үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады. Сатып алу *АДБ-нің сатып алу жөніндегі басшылығына* сәйкес жүзеге асырылады. Консультанттардың техникалық тапсырмасы 3-қосымшада келтірілген.

17. Халықаралық консультант консультанттардың жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады. Қызметтер көрсетіле бастағаннан кейін 3 апта өткен соң Жұмыстың басталуы туралы есеп дайындалады. Бұдан басқа, тоқсан сайын консультанттар тобының жасалған жұмыс туралы есептері беріліп отырады. Консультанттар осы ТК-тің барлық аспектілері бойынша түпкілікті есептің жобасын осы ТК аяқталғанға дейін 2 апта ішінде табыс етеді. Бұдан кейін есептің жобасы Үкімет пен АДБ тарапынан болған ескертулер ескеріле отырып пысықталады.

18. ЭБЖМ атқарушы агенттік болады, ал БҒМ мен АШМ іске асыруға жауапты ведомстволар болады. Бұл ведомстволар консультанттарға қажетті қолдау, соның ішінде деректер мен ақпарат, әріптес персонал, офистік үй-жай, жергілікті көлік пен әкімшілік және ұйымдық қолдау ұсынады.

IV. Президенттік шешімі

19. Директорлар кеңесі берген өкілеттіктер шеңберінде Президент Техникалық көмекті баламасы \$150.000-ден аспайтын, Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қоры грант негізінде берген сомада қаржыландыру бөлігін АДБ-нің

басқаруын (i) және (ii) үкіметтік бағдарламалардың нәтижелілігін күшейту үшін АДБ-нің Қазақстан Республикасының Үкіметіне грант түрінде баламасы \$50.000-ден аспайтын сомада техникалық көмек бөлуін мақұлдады және осы арқылы Директорлар кеңесіне бұл әрекет туралы мәлімдейді.

1-қосымша

Техникалық көмектің негізі

Қысқаша сипаты	Жұмыстың көрсеткіштері/мақсаты	Мониторинг тетіктері	Алғышарттар мен тәуекелдер
----------------	--------------------------------	----------------------	----------------------------

М а қ с а т ы

Ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасын бағдарламаны тиімді іске асыру арқылы жақсарту	Нәтижелілікті мониторингтеу және бағалау және бағдарламаны кеңінен қолдану Бағдарламаны іске асырудың	Үкіметпен және донор ұйымдармен диалог (НМЖБ) Бағдарламаны бағалау туралы есеп нәтижелері мен салдарларын жақсарту	Макроэкономикалық және саяси тұрақтылық жүйесін Орнықты саяси ерік және реформаларға қарсы жүруге дайындық Бағдарлама бенефициарларына шолу
--	---	--	---

М і н д е т т е р і

Үкіметтік бағдарламаларды ішкі және мониторингтеуді және бағалауды жүргізу әдіснамасы мен	2004 жылғы қарашаға дейін: сыртқы бағалау жүргізу әдіснамасын қоса алғанда, НМЖБ жүйесі стратег.	ТК іске асыру жөніндегі бағалау миссиясы Ішкі және Консультанттардың есептері	Жаңа жүйені енгізу пайдасына саяси ерік және Тиісті басқару органдарындағы елеусіз ұйымдық өзгерістер және кадрларды алмастыру әзірленді
---	--	---	--

Г и я с ы н

ә з і р л е у

Н М ж Б ж ү й е с і
А Ш М м е н Б Ғ М - н е ,
с о н д а й - а қ
Э Б Ж М - н е

енгізілді

Н М ж Б ж ү й е с і н
н е ғ ұ р л ы м к е ң і н е н
қ о л д а н у
с т р а т е г и я с ы
а й қ ы н д а л д ы

Н ө т и ж е л е р і

НМжБ жүйесі	Іріктелген	ТК-ті іске асыру	Тиісті
	бағдарламаларды	жөніндегі бағалау	министрліктердің
	мониторингтеу	миссиясы	қажетті ақпарат
	және бағалау		беруі
	үшін егжей-	Консультанттардың	
	тегжейлі	есептері	Оқытылған
	көрсеткіштер		персоналды сақтап
			қ а л у

Ж ы л с а й ы н ғ ы
е с е п т е р ж ә н е
б а ғ д а р л а м а н ы
і с к е а с ы р у
а я қ т а л ғ а н н а н
к е й і н г і е с е п т е р
а р қ ы л ы б а ғ д а р .
л а м а н ы ң ө з і н ө з і

бағалауы

Б а ғ д а р л а м а л а р ғ а
ш о л у ж ө н і н д е г і
ж ұ м ы с ж ә н е
ш е ш і м д е р қ а б ы л .
д а у д ы ң ,
ж о с п а р л а у д ы ң
ж а л п ы п р о ц е с і
м е н б а с қ а р у

ж ү й е л е р і
а р а с ы н д а ғ ы н а қ т ы

тәуелділік

Б а ғ д а р л а м а л а р д ы ң
б е н е ф и ц и а р л а р ы н а

шағын шолу

О р т а л ы қ о р г а н д а р .
д ы ң с ы р т қ ы
б а ғ а л а у т е т і г і
ж ә н е б а ғ д а р л а м а .
л а р д ы ң ә к і м ш і л е р і
ү ш і н ү н е м і

ақпарат жинау

Оқу материалдары

ЭБЖМ, БҒМ
және АШМ-нің
тиісті
персоналының
мүмкіндік .
терін
қалыптастыру

НМЖБ енгізу, соның
ішінде дерекқорды
басқару бойынша
оқыту

Жоғары деңгейдегі
семинар

Қ а ж е т т і

р е с у р с т а р

Консультант .
тардың
қызметі

Халықаралық
консультанттың
5 адам - айына
\$ 1 1 1 . 0 0 0 ж ә н е
жергілікті
консультанттар .
дың 9 а д а м - а й ы н а

\$14.000

Д е р е к т е р д і
ө н д е у
к о м п ь ю т е р
ж ә н е
б а ғ д а р л а м а л ы қ
қ а м т а м а с ы з
ету

ү ш і н

Оқыту және семинар		\$ 16.000
Әріптес персонал		\$ 35.000
АДБ	\$200.000	
Үкіметтің бірлесіп қаржыландыруы		\$ 86.000
ТК жиыны :	сомасының	\$ 286.000

2-қосымша

**Шығындар сметасы және қаржыландыру жоспары
(мың \$)**

Сипаты				Шетелдік валюта	Жергілікті валюта	Шығындар жиыны
А.	Азия	Даму	Банкінің	қаржыландыруы		^a
1.	Халықаралық консультант					
а.	Еңбекақы және тәуліктіктер			111	0	111
б.	Сапарлар			15	0	15
2.	Жергілікті консультанттар -			0	14	14
3.	Есептер, зерттеулер және өзге			3	9	12
4.	Оқыту және семинар			0	12	12
5.	Жабдық ^b			16	0	16
6.	Көзделмеген шығындар			12	8	20
(А) бөлімі бойынша жиыны			157	43	200	
В.	Үкімет	тарапынан	қаржыландыру			
1.	Офистік үй-жай/қолдау			0	35	35
2.	Министрліктер қызметкерлерінің			0	35	35
3.	Оқыту мен семинар өткізу және жергілікті көлік			0	16	16

(В) бөлімі бойынша жиыны	0	86	86
Барлығы	157	129	286

^a Қаржыландыруды Мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі ынтымақтастық қоры (\$150.000) және АДБ-нің ТК-ті қаржыландыру бағдарламасы (00.000) бөледі.

^b Деректерді өңдеу үшін компьютер және бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтиды . Жабдық сатып алу бағаларды кемінде үш көзден ала отырып тікелей сатып алу рәсімі бойынша *АДБ-нің сатып алу жөніндегі басшылығына сәйкес жүзеге асырылады.*

Көзі: Азия Даму Банкінің есептері

3-қосымша

А. НМЖБ жүйесі бойынша халықаралық сарапшылар (5 адам-ай)

1. Халықаралық консультант Консультанттар тобының басшысы болып табылады және осы ТК шеңберіндегі барлық жұмысты үйлестіреді. Консультанттың нәтижелілікті мониторингтеу және бағалау жүйесін әзірлеу тәжірибесі және өтпелі кезеңдегі экономикадағы тиісті жұмыс тәжірибесі болуы керек. Жетекші консультанттың техникалық тапсырмасы мынадай қызметтерді қамтуы, алайда бұлармен шектелмеуі тиіс:

- (i) Екі министрлікпен және Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен (ЭБЖМ) тығыз үйлесу.
- (ii) Бағдарламаларды әзірлеу мен іске асырудың қолданыстағы ұйымдық құрылымымен және рәсімдерімен, сондай-ақ бағдарламалардың жеткіліксіз табыстылығының негізгі себептерімен танысу.
- (iii) Іріктелген бағдарламалардың барлық аспектілерін, соның ішінде ауқымын, мақсаттарын, қаржыландыру көздерін және іске асыру тетігін нақтылау.
- (iv) Негізгі шарттар мен өлшемдерді көрсете отырып, үкіметтік бағдарламалар үшін НМЖБ жүйесін пайдаланудың үздік халықаралық әдістеріне талдау жүргізу.
- (v) НМЖБ жүйесін енгізумен байланысты ынталандыру және салыстыру мәселелерін қарау және орталық органдарға баламалы және дәл ақпарат беру үшін салалық министрліктерде ынталандыруды қалыптастыруға арналған неғұрлым қолайлы ұйымдық/институционалдық тетіктерді айқындау.
- (vi) Жергілікті консультанттармен тығыз ынтымақтастық жасау, іріктелген бағдарламалар үшін жан-жақты НМЖБ жүйесін әзірлеу.

Жүйе мониторингтеу және бағалау үшін көрсеткіштер жинағын, бағдарламалардың өзін-өзі бағалауы жөніндегі нұсқауларды және тиісті министрліктердің шешімдер қабылдау, жоспарлау және басқару процестері бар барлық деңгейлеріндегі шолу қызметінің конгеренттік байланыстарын қамтуы тиіс.

(vii) Әзірленген әдіснамалардың салыстырылуын және кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету.

(viii) Жүйелі және үнемі сыртқы бағалау жүргізу үшін және орталық органдардан бағдарламалардың әкімшілеріне пікір жинау үшін тетік әзірлеу.

(ix) Оқытудың қажеттілігін анықтау және Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Білім және ғылым министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің тиісті персоналын оқыту.

(x) НМЖБ жүйесін сынаудан алынған сабақты талқылау үшін және үкіметтік бағдарламаларды НМЖБ жүйесін неғұрлым кеңінен қолдану стратегиясын айқындау үшін жоғары деңгейдегі семинар өткізу.

(xi) Аталған ТК-тің барлық аспектілерін сипаттай отырып, түпкілікті есеп дайындау.

В. Институционалдық даму жөніндегі жергілікті сарапшы (2 адам - 8 адам-ай)

2. Институционалдық даму жөніндегі бұл екі сарапшының оларға тапсырма берілетін саладағы тиісті жұмыс тәжірибесі болуы керек (біреуі білім беру саласында, екіншісі ауыл шаруашылығы өндірісінде). Бұл консультанттардың жұмысы іріктелетін бағдарламаларға негізделеді бірақ, олар мұндай екі бағдарлама үшін әзірленетін әдіснамалардың салыстырылуын қамтамасыз ету үшін өздерінің жұмыстарын бір-бірімен үнемі үйлестіруі тиіс. Консультанттың техникалық тапсырмасы мынадай жұмыр түрлерін қамтуы, алайда бұлармен шектелмеуі тиіс:

(i) Іріктелген бағдарламаларды мониторингтеудің және бағалаудың (МжБ) қолданыстағы әдістеріне шолу және үздік халықаралық әдістермен салыстыру, сондай-ақ бағдарламаны табысты іске асыруға кедергі келтіретін негізгі тосқауылдарды айқындау.

(ii) НМЖБ жүйесінде қаралуы және ескерілуі тиіс Қазақстанға барынша тән проблемаларды/ерекшеліктерді айқындау.

(iii) Халықаралық консультанттың басшылығымен көрсетілген мақсаттар мен міндеттер тұрғысынан бағдарламаларды ішкі МжБ үшін егжей-тегжейлі әдіснаманы әзірлеу.

(iv) Халықаралық консультантқа оқыту және семинар өткізуде көмектесу.

(v) Бенефициарларды шолуды әзірлеу кезінде және НМЖБ-дың дерекқорын

дайындау кезінде статистика/зерттеулер жөніндегі сарапшыға бастапқы деректерді беру және қолдау көрсету.

(vi) Осы ТК бойынша есептер дайындауға қатысу.

С. Статистика/зерттеулер жөніндегі жергілікті сарапшы (1 адам-ай)

3. Статистика/зерттеулер жөніндегі сарапшының тиісті біліктілігі мен зерттеулерді әзірлеудегі және дерекқорларды басқарудағы ауқымды тәжірибесі болуы керек. Мүмкіндігінше білім беру және ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибесінің болуы қажет. Бұл консультанттың техникалық тапсырмасы мынадай жұмыс түрлерін қамтуы, алайда бұлармен шектелмеуі тиіс:

(i) НМЖБ жүйесінде көзделген мақсаттарды және нәтижелілік көрсеткіштерін ескере отырып, мақсатты бенефициарларды шағын зерттеуді әзірлеу.

(ii) Зерттеудің сапалық және сандық нәтижелерін талдауға мүмкіндік беретін тетікті әзірлеу және оларды НМЖБ жүйесіне қосу.

(iii) Дерекқорды басқару мәселелері бойынша тиісті министрліктердің персоналын оқытуды жүргізу.